

Жуалы ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Жуалы аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 245 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 маусымда № 2248 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жуалы ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жуалы ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жуалы ауданы әкімінің орынбасары Айбар Күнтуұлы Әділбақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Құлекеев

Жуалы

ауданы

әкімдігінің

2014

жылғы

"26"

мамырдағы

№ 245 қаулысына қосымша

Жуалы ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын	Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын	Бір айға ата-ананың ақы

	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (орын)	жергілікті бюджет есебінен (орын)	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	жергілікті бюджет есебінен (теңге)	төлеу мөлшері (теңге)
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар					
Шағын орталықтар	50	0	13852	0	3000
оның ішінде:					
Балабақшалар	1035	865	19716	33817	4000
оның ішінде:					
Санаторлы балабақшалар	0	50	0	28755	4000
Логопедтік балабақшалар					
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (балабақша)					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК